

**Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және цифрлық қаржы активтері нарығын дамыту мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 20 сәуірдегі № 79 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 22 сәуірде № 38510 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және цифрлық қаржы активтері нарығын дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Бағалы қағаздар нарығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1, 2, 4, 5, 6 және 7-тармақтарын қоспағанда, алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мына:

Тізбенің 6-тармағының жиырма үшінші және жиырма төртінші абзацтарының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзацтардың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"1) биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалану және қолдау;"

Тізбенің 6-тармағының жиырма төртінші абзацының тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзацтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2) өз клиенттеріне биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының интеграцияланған ақпараттық жүйесіне қол жеткізу;"

Тізбенің 6-тармағының елу екінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзацтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"4) ақпараттық жүйелер деректерінің провайдерлері мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және талаптармен Bloomberg (Блумберг) және (немесе) Reuters (Рейтер) ақпараттық жүйелері арқылы алынған бұйрықтар және (немесе) өзге де нұсқаулар (құжаттар);".

Тізбенің 6-тармағының елу сегізінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде осы абзацтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"22. Орталық депозитарий бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып, оны орындамау себептерін көрсетіп, мына жағдайларда жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді:"

белгілей отырып, олардың қолданылуы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының  
2026 жылғы 20 сәуірдегі  
№ 79 қаулысымен бекітілген

## **Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және цифрлық қаржы активтері нарығын дамыту мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару қағидалары мен талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 120 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7641 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқару қағидалары мен талаптарында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтердің мынадай түрлері қоса атқарылады:

1) бағалы қағаздармен, цифрлық қаржы активтерімен және өзге де қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру жөніндегі – қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметпен және цифрлық қаржы активтері платформасы операторының және (немесе) цифрлық активтер сауда платформасы операторының қызметімен;

2) брокерлік және (немесе) дилерлік – кастодиандық қызметпен, инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен, сондай-ақ брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын Ұлттық пошта операторы және банктер үшін трансфер-агенттік қызметпен;

3) депозитарлық – бағалы қағаздарды және цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу, бағалы қағаздармен, және өзге қаржы құралдарымен сауда-саттықты ұйымдастыру бойынша қызметпен, қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметпен, трансфер-агенттік қызметпен, кастодиандық қызметпен, цифрлық қаржы активтері платформасы операторының және (немесе) цифрлық активтер сауда платформасы операторының қызметімен және цифрлық активтерді, оның ішінде Ұлттық стратегиялық крипторезервтің құрамына кіретін активтерді есепке алу және сақтау жөніндегі қызметпен;

4) инвестициялық портфельді басқару – брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен;

5) кастодиандық – брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен, трансфер-агенттік қызметпен;

б) қаржы құралдарымен және цифрлық қаржы активтерімен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті – брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен.";

2. "Инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 10 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9248 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Инвестициялық портфельді басқарушы мыналар бойынша мәмілелер жасасу жөнінде шешім қабылдамайды және мәмілелерді жүзеге асырмайды:

1) клиенттің инвестициялық басқаруға берілген активтері есебінен инвестициялық портфельді басқарушының меншігіндегі қаржы құралдарын және өзге де мүлікті сатып алу бойынша;

2) клиенттің активтерін өз меншігіне иеліктен шығару бойынша;

3) қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, инвестициялық портфельді басқарушы бір мезгілде өз клиентінің мүдделерін және оның клиенті болып табылмайтын үшінші тұлғаның мүдделерін білдіргенде;

4) инвестициялық портфельді басқарушы шығарған қаржы құралдарын және (немесе) осы инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық басқаруындағы

инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарын клиенттің активтері есебінен сатып алу бойынша;

5) тарату процесіндегі эмитенттердің бағалы қағаздарын және (немесе) цифрлық қаржы активтерін клиенттің активтері есебінен сатып алу бойынша;

6) эмитент дефолты (эмитенттің бағалы қағаздарын және өзге де міндеттемелерін эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау мақсатында шығарылған осы эмитенттің бағалы қағаздарына және (немесе) цифрлық қаржы активтерін айырбастауды қоспағанда), эмитенттің бағалы қағаздарын және (немесе) цифрлық қаржы активтерін қор биржасының ресми тізімінің "буферлік санат" санатына ауыстыру, қор биржасы осы бағалы қағаздармен сауда-саттықты тоқтата тұру күнінен бастап клиенттің активтері есебінен бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін сатып алу бойынша;

7) клиенттің инвестициялық басқаруға қабылданған активтеріне қатысты мәміле жасау кезінде төлемді күнтізбелік отыз күннен астам мерзімге кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді көздейтін;

8) инвестициялық басқаруға қабылданған клиенттің активтерін өзінің жеке міндеттемелерін немесе осы клиенттің инвестициялық портфельін басқару жөніндегі қызметке байланысты емес үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін пайдалануды көздейтін;

9) клиенттің активтерін өтеусіз иеліктен шығару бойынша;

10) қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдістерімен жасалған мәмілелерді қоспағанда, осы инвестициялық портфельді басқарушының инвестициялық басқаруындағы инвестициялық қорлардың активтерін инвестициялық қор болып табылмайтын клиенттің активтерінің құрамына сатып алу бойынша;

11) нәтижесінде Қазақстан Республикасының қаржы заңнамасында және (немесе) клиенттің инвестициялық декларациясында белгіленген талаптар бұзылатын.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігі 4) тармақшасының күші жабық инвестициялық пай қоры болып табылмайтын инвестициялық пай қорының пайларын сақтанушылардан инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістердің (залалдардың) бір бөлігі есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельге сатып алу жағдайларына қолданылмайды.

Инвестициялық қорлар активтерінің, эндаумент-қорлар активтерінің, сақтанушылардан инвестициялау мақсаттары үшін алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістердің (зияндардың) бір бөлігі есебінен

қалыптастырылған инвестициялық портфельдер активтерінің, инвестициялық портфельді басқарушының (сақтандыру ұйымының) басқаруындағы зейнетақы активтерінің және инвестициялық портфельді басқарушының (сақтандыру ұйымының) меншікті активтерінің қаржы нарығы лицензиаттарының дауыс беретін акцияларына инвестицияларының жиынтық көлемі инвестициялық портфельді басқарушының (сақтандыру ұйымының) оларды сатып алуға уәкілетті органның келісімін алуды талап ететін мөлшерден аз болуы тиіс.";

33-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33-1. Қамтамасыз етілмеген цифрлық активтер инвестициялық портфельді басқарушы жүзеге асыратын мәміленің нысанасы болып табылмайды және олардың басқаруына қабылданбайды.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларының, сақтандыру ұйымдарының меншікті активтері есебінен, инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақылары (сақтандыру жарналары) және сақтанушының инвестицияларға қатысу талабын көздейтін сақтандыру шарттары бойынша оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зияндар) бөлігінің есебінен қалыптастырылған инвестициялық портфельді құрайтын активтерді есепке алуды және сақтауды, эндаумент қорлардың активтерін есепке алуды және сақтауды, сондай-ақ инвестициялық қорлардың активтерін және арнайы қаржы компаниясының активтерін есепке алуды және сақтауды кастодиан мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған кастодиандық шарт негізінде кастодиан жүзеге асырады.

Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген инвестициялық портфельді басқарушының клиенттерін қоспағанда, клиенттердің бағалы қағаздарын және (немесе) цифрлық қаржы активтерін есепке алуды инвестициялық портфельді басқарушы мен нақтылы ұстаушы арасында жасалған нақтылы ұстау туралы шарттың негізінде бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін нақтылы ұстау бойынша қызметтер көрсететін шетелдік есеп айырысу ұйымы немесе бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы (бұдан әрі - нақтылы ұстаушы) жүзеге асырады.

Клиенттердің бағалы қағаздардан және (немесе) цифрлық қаржы активтерінен басқа, өзге де активтерін есепке алуды және сақтауды кастодиан жүзеге асырады.

Цифрлық қаржы активтерін есепке алу және сақтау цифрлық қаржы активтері платформасы операторының есепке алу жүйесінде жүзеге асырылады.

Қағидалардың мақсаттары үшін шетелдік есеп айырысу ұйымы деп мыналар түсініледі:

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент-бас банктің еншілес банкі болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтингі бар, Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын шетелдік ұйым;

Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 59-бабының 1-тармағында белгіленген функцияларды жүзеге асыратын, мынадай талаптарға сәйкес келетін шетелдік ұйым:

заңды тұлғаның шыққан елінде бағалы қағаздар нарығын реттеу, бақылау және (немесе) қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – шетелдік қадағалаушы орган) берген бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға лицензиясы (рұқсаты) бар;

заңды тұлғаның шыққан елінің шетелдік қадағалаушы органы Бағалы қағаздар жөніндегі халықаралық комиссияның консультациялар, ынтымақтастық және ақпарат алмасу жөніндегі өзара түсіністік туралы көпжақты меморандумына қол қойған;

Standard & Poor's (Стандард энд Пурс) агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "А-" төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің осындай деңгейдегі рейтинг бағасы бар елде тіркелген заңды тұлға.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Инвестициялық портфельді басқарушы айына кемінде бір рет өзінің ішкі есепке алу жүйесінің деректерін олардың клиенттердің активтерін есепке алуды және сақтауды жүзеге асыратын кастодиандардың деректеріне және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының клиенттерінің бағалы қағаздарын және (немесе) цифрлық қаржы активтерін есепке алуды жүзеге асыратын номиналды ұстаушының деректеріне және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының клиенттерінің цифрлық қаржы активтерін есепке алуды жүзеге асыратын цифрлық қаржы активтері платформасы операторының деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексереді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген деректер бойынша салыстырып тексеру нәтижелері мынадай мәліметтер қамтылатын салыстырып тексеру актісімен ресімделеді:

салыстырып тексеру актісінің жасалу күні;

салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезең;

салыстырып тексеру актісінің жасалу күніндегі шоттардағы (қосалқы шоттардағы) активтердің қалдығы туралы ақпарат;

салыстырып тексеру жүзеге асырылатын кезеңдегі активтердің, шоттардағы (қосалқы шоттардағы) активтердің қозғалысы туралы ақпарат.

Салыстырып тексеру актісі екі данада жасалады, оған салыстырып тексеруді жүзеге асыратын тараптардың өкілдері қол қояды.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Инвестициялық портфельді басқарушы мыналар:

- 1) жасалған шарттар және оларға енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулар;
- 2) жасалған ұсынымдар;
- 3) инвестициялық шешімдер, олардың орындалуы (орындалмауы);
- 4) клиенттердің активтерімен және (немесе) инвестициялық портфельді басқарушының меншікті активтерімен жасалған мәмілелер, олардың орындалуы (орындалмауы);
- 5) инвестициялық шешімдерді орындау мақсатында брокерге берілген құжаттар не инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметті номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығындағы брокерлік және (немесе) дилерлік қызметпен қоса атқарған жағдайда сауда бөлімшесіне жіберілген өкімдер;
- 6) клиенттердің қаржы құралдары және олардың санының өзгеруі;
- 7) бағалы қағаздар және (немесе) цифрлық қаржы активтері бойынша кірістердің түсуі және бөлінуі;
- 8) клиенттерге берілген есептер;
- 9) ішкі есепке алу жүйесін олардың кастодиандардың және (немесе) номиналды ұстаушылардың және (немесе) шетелдік есеп айырысу ұйымдарының деректеріне сәйкес келуін салыстырып тексерулер;
- 10) клиенттердің инвестициялық портфельді басқарушыға шағымдары бар өтініштері және оларды жою жөніндегі шаралар;
- 11) инвестициялық портфельді басқарушының инсайдерлері жасаған мәмілелері туралы мәліметтер қамтылған журналдарды жүргізу арқылы өзінің қызметіне қатысты барлық құжаттардың дәйекті және нақты есебін жүргізеді.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Салыстырып тексеру қорытындылары бойынша салыстырып тексеру актісі жасалады, оның ішінде мыналар:

- 1) бағалы қағаздардың және (немесе) цифрлық қаржы активтерінің халықаралық сәйкестендіру нөмірлерін немесе цифрлық қаржы активтері үшін тіркеу нөмірлерін көрсете отырып, оларды (данамен) саны;
- 2) депонент-банктердің атауы, салым сомалары, банктік салым шарттарының жасалу күні мен оның нөмірлері, салымдардың мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері көрсетіле отырып екінші деңгейдегі банктердегі салымдар;
- 3) инвестициялық шоттардағы теңгемен және шетел валютасымен ақша қозғалысы;

- 4) қаржы құралдарының сатып алу құны;
- 5) инвестициялардың ағымдағы құны;
- 6) әрбір қаржы құралы бойынша есептелген және алынған инвестициялық кірістің сомасы;
- 7) комиссиялық сыйақылар сомасы;
- 8) инвестициялық шоттардағы ақша қалдығы;
- 9) инвестициялық қызметке қатысты өткізілетін құжаттардың түпнұсқалары;
- 10) инвестициялық қызметке қатысты өзге де мәліметтер туралы ақпарат қамтылады."

3. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің түрлерін белгілеу, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы міндетті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларын және әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың сақтауға міндетті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу әдістеріне:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның жоғары өтімді активтерін есептеу кезінде осы қаулымен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін міндетті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) қосымшаға сәйкес пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу кестесінің келесі жолдарында көрсетілген активтер тиісті көлемдерде ескеріледі:

1.1, 1.2, 1.4, 1.5, 1.6, 1.7, 1.8, 1.9, 1.10, 1.12, 1.13, 2.1, 2.2, 2.3, 2.4, 2.8, 2.10, 2.11, 2.14, 3.1, 3.2, 3.5, 4.4, 5.1, 5.2, 5.3, 5.4 (репо операцияларының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздарды қоспағанда).

Брокердің және (немесе) дилердің өтімді активтері ретінде Қағидаларға қосымшаға сәйкес пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу кестесінің келесі жолдарында көрсетілген активтер тиісті көлемдерде танылады:

1.3, 1.11, 2.5, 2.6, 2.7, 2.9, 2.12, 2.13, 2.15, 2.16, 3.3, 3.4, 3.6, 3.7, 4.1, 4.2, 4.3, 4.5 (репо операцияларының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздарды қоспағанда).

Брокер және (немесе) дилер әрбір эмитентке және оның аффилиирленген тұлғаларына салынған инвестициялар көлемі брокердің және (немесе) дилердің жиынтық өтімді активтерінің 20 пайызынан аспауын көздейтін әртараптандыру нормативін сақтауға міндетті.

Осы Әдістеменің үшінші бөлігінде белгіленген норма Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына, сондай-ақ бір-біріне қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылатын, дауыс беретін акцияларының елу (елу) пайызынан астамы мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі тұлғалар шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына қолданылмайды.

Сондай-ақ орталық контрагенттің қатысуымен жасалған "кері репо" операциясының нысанасы болып табылатын бағалы қағаздарға да қолданылмайды."

4. "Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдері жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 249 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17803 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 80-бабының 5 және 5-1-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидалары бекітілсін."

Көрсетілген қаулымен бекітілген Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларында:

Тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидаларын";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Бағалы қағаздар

рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы заң) 80-бабының 5 және 5-1-тармақтарына сәйкес әзірленді және орталық депозитарийдің Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ цифрлық қаржы активтері мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін (бұдан әрі – тізілімдер жүйесі) қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібін белгілейді.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздар мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушыларды есепке алу жүйесі мен тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асырады.

Цифрлық қаржылық активтерді ұстаушылардың тізілімдері жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау тәртібі Бағалы қағаздар нарығы туралы заңмен және орталық депозитарийдің қағидаларының жинағымен айқындалады.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Тізілімдер жүйесі цифрлық қаржы активтері туралы мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) цифрлық қаржы активтерінің эмитенті туралы, оның ішінде цифрлық қаржы активтерінің базалық активін сақтау жөніндегі ұйым (ол болған кезде) және Эмитенттің цифрлық қаржы активтерінің шығарылымдары туралы;

2) осы цифрлық қаржы активтерінің шығарылымын тіркеген цифрлық қаржы активтері платформасының операторы немесе осы цифрлық қаржы активтерімен сауда-саттықты қамтамасыз ететін цифрлық активтер сауда платформасының операторы туралы;

3) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар және олардың цифрлық активтер әмияндарының мекенжайлары туралы;

4) цифрлық активтердің әмияндарында ескерілетін цифрлық қаржы активтерінің түрі, саны туралы.

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Орталық депозитарий тізілімдер жүйесінде меншік иелерінің және эмитенттің бірдей құқығы мен міндеттерін куәландыратын бағалы қағаздардың және цифрлық қаржы активтерінің әрбір түрі бойынша есепке алуды жүргізеді.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Ақпараттық операцияларға мыналар жатады:

1) белгілі бір күнге және уақытқа бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімін (акционерлер тізімін) жасау және беру;

2) жеке шоттан үзінді-көшірме жасау және беру;

3) белгілі бір күнге және уақытқа бағалы қағаздарды ұстаушылар туралы анықтама жасау және беру;

4) тиісті бұйрықтың немесе тіркелген тұлғаның (оның өкілінің) сұратуының негізінде ақпарат дайындау және беру.

Тізілімдер жүйесін жүргізуді бұрын жүзеге асырған ұйым тізілімдер жүйесін жүргізу күніне орталық депозитарий ұсынатын ақпарат пен құжаттар тізілімдер жүйесін жүргізуді бұрын жүзеге асырған ұйым берген құжаттарға сәйкес жасалады және олар бойынша өзгерістер соттың тиісті шешімінің негізінде ғана енгізіледі.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Эмитенттің бағалы қағаздарын және эмитенттің кредиторлары алдындағы өзге де ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына айналдыру туралы жазбалар енгізу жөніндегі операцияны орталық депозитарий эмитент уәкілетті органның эмитент жүргізген айналдыру туралы хабарламасының көшірмесін және мынадай құжаттардың бірінің көшірмесін ұсынған кезде жүргізеді:

1) эмитенттің жай акцияларына (оның ішінде электрондық цифрлық нысанда шығарылған) айналдырылатын эмитенттің бағалы қағаздары шығарылымының проспектісі;

2) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған банкті қайта құрылымдау жоспары;

3) егер эмитент дәрменсіз борышкер болып табылса, Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен қабылданған оналту жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Орталық депозитарий тіркелген тұлғаларға тиесілі эмитенттің бағалы қағаздарын оның жай акцияларына айналдыру туралы жазбалар енгізу және оларды сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотына есепке жатқызу және жай акцияларды (оның ішінде электрондық цифрлық нысанда шығарылған) эмитенттің жарияланған бағалы қағаздарды есепке жатқызуға арналған жеке шотынан есептен шығару және оларды эмитенттің бағалы қағаздарды айналдыру туралы жазбалар енгізуге арналған бұйрығының негізінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына есепке жатқызу жөніндегі операцияны бағалы қағаздарды тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан есептен шығару арқылы жүргізеді.

Орталық депозитарий эмитенттің кредиторлары алдындағы ақшалай міндеттемелерін оның жай акцияларына (оның ішінде электрондық цифрлық нысанда шығарылған) айналдыру туралы жазбаларды енгізу жөніндегі операцияны эмитенттің ақшалай міндеттемелерді айналдыру туралы жазбаларды енгізуге бұйрығының негізінде эмитенттің жарияланған немесе сатып алынған бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін есепке алуға және оларды Қағидалардың 12 және

13-тармақтарына сәйкес эмитенттің кредиторларына ашылған жеке шоттарына есепке жатқызуға арналған эмитенттің жеке шотынан жай акцияларды (оның ішінде электрондық цифрлық нысанда шығарылған) есептен шығару жолымен жүргізеді.

Бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін және эмитент кредиторларының алдындағы ақшалай міндеттемелерді оның жай акцияларына айналдыруға байланысты жеке шот бойынша операциялар жүргізілгеннен кейін орталық депозитарий 1 (бір) жұмыс күні ішінде оған бұл туралы хабарлама жібереді.

Орталық депозитарий эмитенттің сатып алынған бағалы қағаздарды олардың айналдырылуына байланысты есепке алуға арналған жеке шотына есепке алынған облигациялардың күшін эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміндегі облигациялар (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) шығарылымының күшін жою туралы электрондық хабар немесе облигациялар (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) шығарылымының күшін жою туралы куәліктің көшірмесі негізінде жояды.";

74 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Облигацияларды (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) (ислам бағалы қағаздарын) өтеу кезінде орталық депозитарий облигацияларды (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) (ислам бағалы қағаздарын) оларды ұстаушылардың жеке шоттарынан есептен шығару және орталық депозитарийдің қағидалар жинағында айқындалған мерзімде сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу жөніндегі эмитенттің жеке шотына есепке алу операциясын жүргізеді:

1) банктік аударым операцияларын жүзеге асыруға лицензиясы бар құралдар эмитентінің (оригинатордың) орталық депозитарийдің төлем агентінің қызметін және құралдарды ұстаушылардың тізімін пайдаланбай, әрбір құрал ұстаушы бойынша төлем сомасының мөлшерін көрсете отырып, құралдарды өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін өз бетінше орындауы туралы хабарламасы; немесе

2) орталық депозитарийдің облигацияларды ұстаушыларға (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) сомаларды төлеуі.";

81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"81. Облигациялар шығарылымының (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) күшін жойған кезде орталық депозитарий эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде облигациялар шығарылымының күшін жою туралы электрондық хабарламаны немесе уәкілетті органның облигациялар шығарылымының (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) күшін жою туралы куәлігінің көшірмесін алғаннан кейін эмитенттің жеке шоттарынан осындай облигацияларды (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) біржолғы есептен шығару бойынша операциялар жүргізеді.

Айналыс мерзімі өткен облигациялар шығарылымының (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) күшін жою кезінде орталық депозитарий

эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізілімінде облигациялар шығарылымының күшін жою туралы электрондық хабарламаны немесе уәкілетті орган берген осындай облигациялар шығарылымының (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) күшін жою туралы куәліктің көшірмесін алғаннан кейін айналыс мерзімі өткен эмиссиялық бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан облигацияларды есептен шығару жөнінде операциялар жүргізеді, эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттің міндеттемелері бойынша сатып алынған талап ету құқықтарын есепке алу үшін эмитенттің жеке шотынан осындай облигациялар бойынша талап ету құқықтарын білдіреді.

Эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқықтары сәйкестендіргішінің күшін жоюды орталық депозитарий мынадай талаптардың бірі сақталған кезде орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығына сәйкес жүзеге асырады:

1) эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша барлық талап ету құқықтарын эмитент сатып алған;

2) заңды тұлға қызметінің тоқтатылғанын және оны бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізілімінен шығарылғанын растайтын құжат негізінде эмитент таратылған кезде жүргізіледі.";

мынадай мазмұндағы 85-1-тармақпен толықтырылсын:

"85-1. Бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімі орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген нысан бойынша жасалады және онда мынадай мәліметтер болады:

Цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімі Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген нысан бойынша жасалады және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) цифрлық қаржы активтерінің эмитенті туралы, оның ішінде цифрлық қаржы активтерінің базалық активін сақтау жөніндегі ұйым (ол болған кезде) және Эмитенттің цифрлық қаржы активтерінің шығарылымдары туралы;

2) осы цифрлық қаржы активтерінің шығарылымын тіркеген цифрлық қаржы активтері платформасының операторы немесе осы цифрлық қаржы активтерімен сауда-саттықты қамтамасыз ететін цифрлық активтер сауда платформасының операторы туралы;

3) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар және олардың цифрлық активтер әмияндарының мекенжайлары туралы;

4) цифрлық активтердің әмияндарында ескерілетін цифрлық қаржы активтерінің түрі, саны туралы.";

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"94. Осы тармақтың екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалы қағаздарды немесе цифрлық қаржы активтерін

ұстаушылар тізілімін немесе акционерлер тізімін беруді орталық депозитарий, егер бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін немесе акционерлер тізімін беруге бұйрық бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімі немесе цифрлық қаржы активтері немесе акционерлер тізімі жасалған күннен ерте емес берілу талабымен эмитенттен немесе цифрлық қаржы активтері платформасының операторынан немесе цифрлық активтер сауда платформасының операторынан бағалы қағаздарды немесе цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімін беруге бұйрықты алған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан кеш емес мерзімде жүзеге асырады.

Егер орталық депозитарий номиналды ұстаушыларға № 210 қағидалардың 52-тармағына сәйкес олардың клиенттері туралы мәліметтерді жария ету туралы сұрау салса, бағалы қағаздар ұстаушылар тізілімін немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізу немесе бағалы қағаздары номиналды ұстауда тұрған акционерлер туралы өзге де ақпарат беру үшін акционерлердің тізімін беруді орталық депозитарий эмитенттің тиісті бұйрығын немесе уәкілетті органның сұратуын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүзеге асырады."

Егер орталық депозитарий № 210 қағидалардың 53-1-тармағына сәйкес бағалы қағаздардың түпкілікті меншік иелері туралы мәліметтерді жария ету туралы сұрау салса, олардың түпкілікті меншік иелерін көрсете отырып, тізімін беруді орталық депозитарий уәкілетті органның немесе эмитенттің аталған тізімді беруге сұратуын алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жүзеге асырады."

Егер эмитенттің сұратуында тізімді немесе тізілімді немесе акционерлер туралы өзге де ақпаратты қалыптастырудың болашақ күні көрсетілген жағдайда, мерзім бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі немесе акционерлердің тізімі жасалатын күннен бастап есептеледі."

5. "Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 272 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17789 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қадағалап ден қою шараларын қолдану қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қадағалап ден қою шаралары Банктер туралы заңның 78-бабының 2-тармағында, Ипотека туралы заңның 5-4-бабында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-1-бабының 2-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-3-бабының 2-тармағында, Даму Банкі туралы заңның 28-бабында, Кепілдік беру қоры туралы заңның 3-1-бабының 2-тармағында, Кредиттік бюролар туралы заңның 11-бабының 3-тармағында, Төлемдер туралы заңның 24-бабының 4-тармағында көзделген

негіздемелер бойынша, сондай-ақ уәкілетті органның алқалы органы Мемлекеттік реттеу туралы заңның 13-5-бабына сәйкес уәжді пайымдау қабылдаған жағдайда қолданылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қадағалап ден қою шараларын қолданудың орындылығын айқындау және қадағалап ден қою шарасын таңдау кезінде Банктер туралы заңның 78-бабының 3-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-1-бабының 3-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-3-бабының 3-тармағында көзделген факторлар ескеріледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға Банктер туралы заңның 79-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-2-бабының 1-тармағында және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-4-бабының 1-тармағында көрсетілген жағдайларда қадағалап ден қоюдың ұсынымдық шараларын қолданады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Уәкілетті орган жазбаша нұсқамада Банктер туралы заңның 80-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген орындалуы міндетті шараларды қабылдауға және (немесе) оларды орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) жазбаша нұсқамада белгіленген мерзімде ұсыну қажеттігіне нұсқау береді.";

14, 15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті орган қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарын уәкілетті органға келіп түскен күнінен кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды. Ұсынылған іс-шаралар жоспары бойынша уәкілетті органның ескертулері болған және (немесе) жоспарланған іс-шаралардың көлемі 20 (жиырма) іс-шарадан асқан жағдайда іс-шаралар жоспарын қарау мерзімі тек қана бір рет көп дегенде 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.

Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарына уәкілетті органның ескертулері болған жағдайда, уәкілетті орган ол бойынша жазбаша ескертулер жібереді және (немесе) іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында бірлескен талқылаулар жүргізеді. Бұл ретте қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға уәкілетті органның ескертулерін ескере отырып, уәкілетті органның хатында көрсетілген мерзімде пысықталған шаралар жоспарын ұсынады немесе мұндай ескертулермен келіспеген жағдайда өзінің негіздемелерін ұсынады.

Уәкілетті орган қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда мақұлдайды немесе мақұлдамайды.

Уәкілетті орган ұсынылған іс-шаралар жоспарын мақұлдаған жағдайда, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға оны іске асыруға кіріседі.

Уәкілетті орган іс-шаралар жоспарын мақұлдамаған жағдайда қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаға Банктер туралы заңның 80-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген шараларды көрсете отырып, қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шараларды қолданады.

15. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлғамен Банктер туралы заңның 80-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында белгіленген шараларды орындау туралы жазбаша келісім жасайды.

16. Жазбаша келісімде Банктер туралы заңның 80-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-3-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 3-5-бабының 1-тармағында көрсетілген шаралардың орындалуы туралы келісім, анықталған кемшіліктерді, тәуекелдерді немесе бұзушылықтарды жою мерзімдері және (немесе) қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлғаның өзіне қабылдайтын шектеулердің тізбесі көзделеді.

Жазбаша келісімге қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға міндетті түрде қол қоюға тиіс. Қаржылық жағдайды жақсарту және (немесе) тәуекелдерді барынша азайту жөніндегі шаралар қолданылған тұлға жазбаша келісімге қол қойған соң оның талаптарын толық көлемде және онда белгіленген мерзімде орындау жөнінде өзіне міндеттемелер қабылдайды.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Уәкілетті орган Қағидалардың 3-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға Банктер туралы заңның 81-бабының 1-тармағында, Сақтандыру қызметі туралы заңның 53-4-бабының 1-тармағында, Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 72-3-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қадағалап ден қоюдың мәжбүрлеу шараларын қолданады."

6. "Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қарашадағы №

307 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17920 болып тіркелген) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Орталық депозитарийдің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

мынадай мазмұндағы 6-2, 6-3 және 6.4-тармақтармен толықтырылсын:

"6-2. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен және шарттарда инвесторлар үшін цифрлық қаржы активтері туралы ақпарат беруді жүзеге асырады.

6-3. Орталық депозитарий цифрлық активтерді, оның ішінде Ұлттық стратегиялық крипторезервтің құрамына кіретін активтерді есепке алу және сақтау жөніндегі қызметті, сондай-ақ осы қаулыға, сондай-ақ орталық депозитарий қағидаларының жиынтығына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

6-4. Цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін қалыптастыру, жүргізу және сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Орталық депозитарийдің ұйымдық құрылымына:

1) депозитарлық қызметті;

2) қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу кезінде, қаржы құралдары бойынша кірісті төлеу және оларды өтеу кезінде ақша аударымдарын жүзеге асыруды, сондай-ақ депоненттердің және олардың клиенттерінің ақшасын есепке алуға және сақтауға арналған ағымдағы шоттарды ашуды және жүргізуді;

3) бағалы қағаздарды, цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін және жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қатысушыларының тізілімін жүргізуді;

4) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті;

5) тәуекелдерді басқаруды;

6) ішкі аудитті;

7) кастодиандық қызметті;

8) цифрлық қаржы активтері платформасының операторы ретінде цифрлық қаржы активтерін шығарылымын тіркеуді жүзеге асыратын жекелеген бөлімшелер кіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген бөлімшенің болуы туралы талап орталық депозитарийге қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыру кезінде қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасында көрсетілген бөлімшенің болуы туралы талап орталық депозитарийге оның кастодиандық қызметке лицензиясы болған кезде қолданылады.

Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингтік қызметті жүзеге асыратын бөлімшені және кастодиандық қызметті жүзеге асыратын бөлімшені қоспағанда, осы

тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген бөлімшелердің қызметкерлері басқа бөлімшелер қызметкерлерінің функциялары мен міндеттерін қоса атқармайды.";

12 және 12-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Орталық депозитарий бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 80-бабының 5 және 5-1-тармақтарына, Қазақстан Республикасындағы цифрлық активтер туралы Заңның 5-бабының 2) және 3) тармақшаларына, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне және Орталық депозитарийдің қағидалар жинағына сәйкес бағалы қағаздар мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асырады.

12-1. Орталық депозитарий бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметі шеңберінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының ықпалдасқан цифрлық жүйесін пайдалану және қолдау;

2) өзінің клиенттеріне биржадан тыс бағалы қағаздар нарығының ықпалдасқан цифрлық жүйесіне кіруге рұқсат беру;

3) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау үшін орталық депозитарий клиенттерінің арасында бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарына баға белгілеумен алмасуды ұйымдастыру;

4) орталық депозитарий клиенттерінің арасында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасау туралы хабарламалармен алмасуды ұйымдастыру;

5) орталық депозитарий Эмитент және оның бағалы қағаздары, инвесторлар үшін цифрлық қаржы активтері туралы ақпарат беруді жүзеге асырады;

6) бағалы қағаздар нарығы туралы Заңда және цифрлық активтер туралы заңда көзделген өзге де функциялар.

Орталық депозитарийдің бағалы қағаздармен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті, цифрлық активтер платформасы операторының және цифрлық қаржы активтері сауда платформасы операторының қызметін және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру тәртібі орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленеді.";

12-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12-3. Орталық депозитарий уәкілетті органға облигацияларды (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) өтеу қорытындылары туралы хабарламаны облигациялар шығару проспектісінде (жеке меморандумда) белгіленген өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде береді.

Орталық депозитарийдің хабарламасы төмендегілерді көрсете отырып, эмитенттің облигацияларды өтеу бойынша өз міндеттемелерін орындауы туралы ақпаратты қамтиды:

- 1) облигациялар туралы мәліметтерді (ISIN, эмитенттің атауы);
- 2) облигацияларды өтеу күні;
- 3) облигациялардың номиналды құны;
- 4) облигацияларды өтеу күніндегі жағдай бойынша эмитент сатып алған облигациялардың саны туралы мәліметтер;
- 5) оларды өтеу күні айналыстағы облигациялардың саны туралы мәліметтер;
- 6) облигациялар бойынша соңғы купондық кезең үшін төленген сыйақының жиынтық мөлшері және номиналды құнын өтеу сомасы.

Егер эмитент облигацияларды өтеу міндеттемелерін орындамаған және осы бағалы қағаздар эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздар жөніндегі міндеттемелері бойынша талап ету құқығына ауыстырылса, осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген ақпарат берілмейді.

мынадай мазмұндағы 12-4 және 12-5-тармақшалармен толықтырылсын:

"12-4. Орталық депозитарий Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде есептік тіркеуден өтпей-ақ цифрлық қаржы активтері платформасының операторы және (немесе) цифрлық активтер сауда платформасының операторы ретіндегі қызметті осы қызмет үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес келген кезде жүзеге асыруға құқылы.

Орталық депозитарийдің цифрлық активтер платформасы операторының және цифрлық қаржы активтері сауда платформасы операторының қызметін жүзеге асыру тәртібі Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

"12-5. Орталық депозитарий цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың құқықтарын есепке алу жүйесінде және бағалы қағаздар мен цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың тізілімдері жүйесінде цифрлық Қаржы активтерімен тіркелген мәмілелерді көрсетуді жүзеге асырады. Цифрлық қаржы активтері бойынша құқықтарды есепке алу ерекшеліктері, сондай-ақ мұндай құқықтарды растау шарттары мен тәртібі Орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.

Орталық депозитарий Эмитент және оның бағалы қағаздары, инвесторлар үшін цифрлық қаржы активтері туралы ақпарат беруді жүзеге асырады.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Орталық депозитарий клиенттерге, клирингтік ұйымдарға, ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығының орталық контрагентіне, цифрлық қаржы активтері платформаларының операторларына, цифрлық активтердің сауда платформаларының операторларына орталық депозитарийдің қағидалары мен қағидалар жинағында белгіленген шарттарда және тәртіппен қызметтер көрсетеді.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Қаржы құралдарымен мәмілелерді тіркеу жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды орталық депозитарий мыналардың негізінде жүзеге асырады:

- 1) депоненттердің немесе шот операторларының тиісті бұйрықтары;
- 2) сауда-саттықты ұйымдастырушының бұйрықтары;
- 3) клирингтік ұйымның және (немесе) орталық контрагенттің бұйрықтары;

4) Bloomberg (Bloomberg) және (немесе) Reuters (Reuters) цифрлық жүйелері арқылы алынған бұйрықтар және (немесе) өзге де нұсқаулар (құжаттар) цифрлық жүйелердің деректер провайдерлері мен орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда;

5) осы қор биржасы немесе клирингтік ұйым мен Орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда "Астана" халықаралық қаржы орталығының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының немесе клирингтік ұйымның бұйрықтары;

6) шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен сауданы ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілетті шетелдік ұйымның немесе шет мемлекеттің аумағында қызметті жүзеге асыруға уәкілетті клирингтік ұйымның бұйрықтары және (немесе) өзге де нұсқаулары (құжаттары) осы шетелдік ұйымның немесе клирингтік ұйым және орталық депозитарий арасында жасалған шартта айқындалған тәртіппен және шарттарда;

7) орталық депозитариймен орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен шарт жасасқан депонент клиентінің бұйрығы;

8) орталық депозитарий кастодиандық қызмет көрсету бойынша қызметтер көрсететін заңды және жеке тұлғалардың тиісті бұйрықтары.

Депоненттің клиенттері орталық депозитарийге оның қағидалар жинағында көзделген тәртіппен және шарттарда жүгінген кезде орталық депозитарий депонент клиенттерінің бұйрықтары негізінде ақпараттық операцияларды жүзеге асырады.

22. Орталық депозитарий бұйрықты алған күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді пайдалана отырып, оны орындамау себептерін көрсетіп, мына жағдайларда жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді:

1) орталық депозитарий клиентінің бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға лицензиясының және (немесе) лицензиясына қосымшаның қолданысы тоқтатыла тұрған немесе одан айырылған (қайтарып алынған) (қаржы құралдарын басқа депоненттерге номиналды ұстауға аудару немесе орталық депозитарийдің номиналды ұстауынан қаржы құралдарын шығару жөніндегі операцияларды және ақпараттық операцияларды қоспағанда);

2) уәкілетті орган немесе бағалы қағаздардың айналысын тоқтата тұруға немесе тоқтатуға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдар (ақпараттық операцияларды қоспағанда) бағалы қағаздардың және (немесе) цифрлық қаржы активтерінің айналысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған;

3) бағалы қағаздар шығарылымы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған (ақпараттық операцияларды, номиналды ұстаушыны ауыстыру кезінде қажетті немесе осындай бағалы қағаздарды өтеу кезінде жүргізілетін операцияларды, сондай-ақ ерікті жинақтаушы зейнетақы қорларына ашылған қосалқы шоттардан бағалы қағаздарды есептен шығару және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ашылған қосалқы шотқа есепке жатқызу жөніндегі операцияларды қоспағанда);

4) бұйрық орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген нысанға сәйкес келмеген;

5) толтыру үшін міндетті бұйрықтың деректемелері болмаған, сондай-ақ түзетулер немесе боялған жерлер болған;

6) бұйрықтардағы қолдардың үлгілері нотариат куәландырған үлгілерге сәйкес келмеген;

7) "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, бұйрықта көрсетілген бағалы қағаздар және (немесе) цифрлық қаржы активтері және (немесе) жеке шот (қосалқы шот) бұғатталған;

8) банктерді біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру кезінде тіркелген тұлғалардың біреуіне қатысты "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қайта құрылымдау жүргізілген жеке шоттарынан (шоттарына) (қосалқы шоттарынан (қосалқы шоттарына) қаржы құралдарын есептен шығару (есепке жатқызу) жөніндегі операцияларды жүргізуді қоспағанда, бұйрықта көрсетілген қаржы құралдарына ауыртпалықтар болған ;

9) есептеулерін есепке алу ұйымы жүзеге асыратын бұйрықтардың жекелеген түрлеріне қатысты орталық депозитарий қағидаларының жинағында белгіленген жағдайларды қоспағанда, орталық депозитарий клиенттерінің қаржы құралдарының және (немесе) шоттарында (қосалқы шоттарында) қажетті ақша саны болмаған;

10) егер оны беру қажеттілігі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасында белгіленген болса, қарсы бұйрық болмаған;

11) есепке алу ұйымының орталық депозитарийдің қаржы құралдарын номиналды ұстауға (номиналды ұстаудан) енгізуге (шығаруға) бұйрығын орындамағаны туралы хабарлама алған;

12) мәміле Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес келмеген жағдайларда;

13) орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген жағдайларда орындалмау себептерін көрсете отырып, жазбаша түрде немесе Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасына сәйкес цифрлық жүйелерді пайдалана отырып, электрондық құжат нысанында бас тартуды ресімдейді.

Жазбаша түрдегі бас тарту орталық депозитарийдің қағидалар жинағында көзделген байланыс түрлерімен жіберіледі.";

Осы тармақтың цифрлық қаржы активтеріне қатысты бөлігіндегі ережелері, егер орталық депозитарий қызметті цифрлық қаржы активтері платформасының операторы ретінде жүзеге асырған жағдайда ғана қолданылады.";

32 және 33-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Орталық депозитарий мемлекеттік бағалы қағаздарды (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) және олар бойынша құқықтарды есепке алады. Орталық депозитарийдің мемлекеттік бағалы қағаздарға (оның ішінде электрондық-цифрлық нысанда шығарылған) депозиторлық қызмет көрсетуді жүзеге асыру талаптары мен тәртібі Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 7-бабында орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығында айқындалады.

33. Орталық депозитарий орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленген тәртіппен клиенттер (шоттар операторлары) және (немесе) бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылар алдында олардың жеке шоттарының (қосалқы шоттарының), банк шоттарының және орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде олар туралы мәліметтер бар көрсетілген шоттар бойынша жүргізілетін операциялардың жай-күйі туралы есеп береді.

Клиенттердің және (немесе) бағалы қағаздарды және (немесе) цифрлық қаржы активтерін ұстаушылардың жеке шоттарынан (қосалқы шоттарынан) және банктік шоттарынан үзінді-көшірмелер ұсыну мерзімдері орталық депозитарийдің қағидалар жинағында белгіленеді.";

Осы тармақтың цифрлық қаржы активтеріне қатысты бөлігіндегі ережелері, егер орталық депозитарий қызметті цифрлық қаржы активтері платформасының операторы ретінде жүзеге асырған жағдайда ғана қолданылады

7. "Бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және өзге тұлғалардың әрекеттерін бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану қағидалары мен шарттарын, Сараптама комитетін құру және оның жұмыс істеу қағидаларын, сондай-ақ оның сандық құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 319 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18169 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сараптама комитетін құру және оның жұмысы қағидаларында, сондай-ақ оның сандық құрамында

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сараптама комитетінің отырыстары қажеттілігіне қарай күндізгі, сырттай не аралас нысандарда өткізіледі.

Сараптама комитетінің отырысын өткізуге арналған кворум оның мүшелерінің кемінде үштен екісін құрайды. Сараптама комитетінің әрбір мүшесінің бір дауысы

болады. Дауыстар тең болған кезде сараптама комитеті төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Сараптама комитетінің мүшесі отырысқа қатыспайды және егер сараптама комитеті қарайтын мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде оның дауыс беру нәтижесі оның жеке мүдделілігіне байланысты болса, қарсылық білдіруге (өздігінен бас тартуға) жатады. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) уәжделеді және отырыс басталғанға дейін не сараптама комитетінің отырысы барысында мәлімделеді. Сараптама комитеті мүшесіне қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы шешімді сараптама комитеті отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік даусымен қабылдайды, сараптама комитеті мүшесінің қатысуымен жария етіледі және осы тармақтың жетінші бөлігінде көрсетілген хаттамада көрсетіледі.

Сараптама комитетінің шешімдері отырысқа қатысқан сараптама комитеті мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Егер шешім қабылдауға сараптама комитеті мүшелерінің жай көпшілік даусымен дауыс берілсе, сырттай дауыс беру арқылы шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған кезде қабылданды деп танылады.

Сырттай дауыс беру қажет болған жағдайда отырысқа қатысып отырған сараптама комитеті мүшелерінің дауыс беруімен бірге қолданылады (аралас дауыс беру). Шешімдері аралас дауыс беру арқылы қабылданатын кворумды айқындау кезінде сараптама комитетінің отырысы басталғанға дейін ұсынылған, сырттай дауыс берген сараптама комитеті мүшелерінің бюллетеньдері ескеріледі.

Сараптама комитетінің шешімдері сараптама комитетінің отырысы өткізілгеннен кейін бесінші жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сараптама комитетінің төрағасы мен хатшысы қол қоятын хаттамамен және дауыс беруге қатысқан сараптама комитетінің барлық мүшелері қол қоятын сараптама қорытындысымен ресімделеді.

Егер осы отырысқа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің өкілі қатысса, бағалы қағаздар нарығы субъектісінің және шетел валютасына қатысты өзге де тұлғалардың айла-шарғы жасау мақсатында жасалған іс-әрекеттеріне қатысты мәселелер сараптама комитетінің отырысында қаралады.

Сараптама комитеті отырыстарында, өзге мәселелермен қатар, цифрлық қаржы активтері нарығы субъектілерінің және басқа да тұлғалардың әрекеттерінде айла-шарғы жасау белгілерінің бар-жоғы тұрғысынан қаралады. Осындай әрекеттерді қарау қорытындысы бойынша сараптама комитеті олардың құрамында айла-шарғы жасау белгілерінің болуы не болмауы туралы сараптама қорытындысымен ресімделген пікір шығарады, оны уәкілетті орган көрсетілген әрекеттерді цифрлық қаржы активтері нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану туралы шешім қабылдау кезінде пайдаланады."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК